

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің №4 мәжілісінің
Хаттамасынан көшірме

Түркістан қаласы

22.12.2021 ж.

Сағат: 16:00

Өткізілетін түрі: онлайн (ZOOM платформасы арқылы)

Регламент:

Негізгі мәселелер үшін – 10 минут

Әр түрлі мәселелер үшін – 3-5 минут

Қатысқандар

ҒК төрағасы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, монографиясы ұсынылған ОПК.

Күн тәртібі:

1. Факультет декандарының қорғамаған докторанттар бойынша атқарылған жұмыстары мен жоспарлары туралы мәліметі (*Жаратылыстану, Медицина, Экономика, басқару және құқық, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, Филология факультеттерінің декандары*).
2. ҒЗИ/ҒЗО-ның әлеуметтік желімен жұмыстары туралы есебі мен жоспары (*ҒЗИ/ҒЗО директорлары, жауаптылар*).
3. Кезекті ХХХ студенттер мен магистранттардың ғылыми-теориялық конференциясының барысы туралы (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
4. 1-курс докторанттарының тақырыптарын бекіту және 1-2-курс магистранттарының жетекшілерін ауыстыру мәселелері (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
5. «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Хабарлары (математика, физика, информатика сериясы)» журналының жаңа редакциялық алқа мүшелерін бекіту (*Жаратылыстану факультетінің деканы Ғ.Баканов, Инженерия факультетінің деканы К.Беркимбаев*).
6. Әр түрлі мәселелер:
 - 6.1. Медицина факультетінде жүргізіліп жатқан Мем. тіркелу нөмірі: №0116РК00276 «Қолайсыз жағдайдағы негізгі аурулардың даму ерекшеліктері: эпидемиология, профилактика, диагностика және емі» атты ғылыми бағыт бойынша 2020 және 2021 жылдардың аралық және қорытынды есептерін тыңдау (*ҒЗЖ жетекшісі Медицина факультетінің деканы Ы.Молдалиев*).
 - 6.2. Монографияларды Сенатқа ұсыну:
 - 6.2.1. «Менеджмент және туризм» кафедрасының проф. м.а., э.ғ.к. Б.М.Дандаеваның «Қазақстанда бизнесті басқару және дамыту мәселелері» атты монографиясы (73,31% түпнұсқалылық). Рецензенттері: Ыдырыс С., э.ғ.д., проф., Ахмет Ясауи университеті; Асан Д., э.ғ.к., доцент, Халықаралық туризм және меймандостық университеті; Кенжалиев А., э.ғ.к., «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің директоры.
 - 6.2.2. PhD доктор Р.Хазретәліқызының «Қазақстан тарихының әлеуетін сақтау және өзектілендіру мәселелері» атты монографиясы (85,25% түпнұсқалылық). Рецензенттері:

Сандыбаева А.Д., т.ғ.к., Ахмет Ясауи университеті; Әлібек С.Н., т.ғ.д., М.Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің директоры; Айтай Б.С., т.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті.

6.2.3. Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор Ф.Б.Камалованың «Киелілік. Қазақстанның діни және ғибадат орындары» атты монографиясы (70% түпнұсқалылық). Рецензенттері: Тышхан К., филос.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; Дүйсенбаева А.К., PhD, доцент м.а., Нұр Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті; Абжалов С.У., филос.ғ.к., доцент, Ахмет Ясауи университеті.

6.2.4. Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының PhD, қауым. проф. м.а. Г.Ризаходжаеваның «Action Research in EFL Practice: The Effect of Cognitive and Metacognitive Strategy Instruction on Tourism Specialists' Reading Comprehension» монографиясы (94% түпнұсқалылық). Рецензенттері: Кульгильдинова Т.А., п.ғ.д., проф., Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті; Керімбаева Б.Т., PhD, қауым. проф., Қ.Жұбанов атындағы АӨУ; Нышанова С.Т., п.ғ.к., қауым. проф., Ахмет Ясауи университеті.

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. Қорғамаған докторанттар бойынша факультет және университет деңгейінде атқарылатын іс-шаралар жол картасы дайындалсын.
2. Университет юристері мен кадр бөлімі қызметкерлерімен ақылдаса отырып, университет ОПҚ-да қызмет ететін қорғамаған докторанттарға 2022 жылдың қыркүйегінен бастап жүктемені 0,5-тен артық бермеу жайлы Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын.
3. Түркология ҒЗИ, Евразия ҒЗИ, Археология ҒЗИ, Ясауитану ҒЗО-ның әлеуметтік желімен жұмыстары туралы есептері қанағаттанарлық деп танылсын және жоспар бойынша жұмыстары ары қарай жүргізілсін.
4. Экология ҒЗИ және Жаратылыстану ҒЗИ әлеуметтік желімен жұмыстары туралы есебі келесі ҒК мәжілісінде қаралсын.
5. 1-курс докторанттарының тақырыптарын бекіту және 1-2-курс магистранттарының жетекшілерін ауыстыру бойынша Сенат мәжілісіне ұсыныс берілсін.
6. «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабарлары (математика, физика, информатика сериясы)» журналының жаңа редакциялық алқа мүшелерін бекіту туралы Сенат мәжілісіне ұсыныс берілсін.
7. Медицина факультетінде жүргізіліп жатқан Мем. тіркелу нөмірі: №0116РК00276 «Қолайсыз жағдайдағы негізгі аурулардың даму ерекшеліктері: эпидемиология, профилактика, диагностика және емі» атты ғылыми бағыт бойынша 2020 және 2021 жылдардың аралық және қорытынды есептері бекітілсін.
8. «Менеджмент және туризм» кафедрасының проф. м.а., э.ғ.к. Б.М.Дандаеваның «Қазақстанда бизнесті басқару және дамыту мәселелері» атты монографиясы плагиаты анықталуына байланысты қайта өңделіп, басқа рецензенттердің пікірімен келесі ҒК мәжілісіне ұсынуға мүмкіндік берілсін.
9. Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының PhD, қауым. проф. м.а. Г.Ризаходжаеваның «Action Research in EFL Practice: The Effect of Cognitive and Metacognitive Strategy Instruction on Tourism Specialists' Reading Comprehension» атты монографиясы ескертпелерге сәйкес өңделіп келесі ҒК мәжілісіне қайта ұсынылсын.
10. Төмендегі монографиялар Сенат мәжілісіне ұсынылсын:
 - 1) PhD доктор Р.Хазретәліқызының «Қазақстан тарихының әлеуетін сақтау және өзектілендіру мәселелері» атты монографиясы;

2) PhD доктор, аға оқытушы Ф.Б.Камалованың «Киелілік. Қазақстанның діни және ғибадат орындары» атты монографиясы.

Ғылым комитетінің төрайымы



А.Ошибаева

Мәжіліс хатшысы



Ж.Ахметова